

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

**Ақтөбе қаласы**

**№408**

**2019 жылғы 1 наурыз**

**Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №363 «Облыстық жер комиссиясының ережесін және дербес құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексінің 15-бабының 1-тармағының 5-3) тармақшасына және 43-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6, 7-баптарына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №363 «Облыстық жер комиссиясының ережесін және дербес құрамын бекіту туралы» шешімінің қосымшасына мынадай өзгерістер енгізілсін:

комиссия құрамына енгізілсін:

**ҚАТТАБЕКОВ** «Ақтөбе облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы, *комиссия мүшесі*  
Ерлан Нұрланұлы

**АЙМБЕТОВ** «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы, *комиссия мүшесі*  
Бауыржан Әбдімұратұлы

көрсетілген құрамнан Е.А.Назаров және А.М.Ахметалина шығарылсын.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**Т. ЕСЕНҒҰЛОВ**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**